

Логистиканың даму тарихы және түсінігі



1 дәрісте қарастырылатын сұрақтар:

1. Логистиканың даму тарихы және даму эволюциясы
2. Логистиканың анықтамалары
3. Кәсіпорындардың логистиканы қолданудың тиімділігі

1. Логистиканың даму тарихы және даму эволюциясы

Практикалық логистиканың пайда болу және даму тарихы көне заманнан басталады. Гамбург университетінің профессоры Г.Павеллектің айтуынша, тіпті Рим империясының кезеңінде "логистер" немесе "логистиктер" деген мәртебесі бар қызметкерлер болған. Олар азық-түлік өнімдерін бөлумен айналысқан.

Біздің дәуірдің бірінші мыңжылдығында бірқатар елдердің әскери лексиконында логистиканы қарулы күштерді материалды

ресурстармен қамтамасыз ету және олардың қорларын сақтау бойынша қызметпен байланыстырған. Мысалы, византийлік патша VI Леон (б.з. 865-912 ж. ж.) кезінде логистиканың міндеттеріне әскерді қаруландыру, оларды әскери мүлікпен қамтамасыз ету, олардың қажеттіліктерін уақтылы қарайластыру жатады деп есептелген.

Үлкен ағылшын-орыс сөздігі бүгінгі таңда да “**logistics**” сөзін әскери

- 1) тыл және жабдықтау;
- 2) материалды-техникалық қамтамасыз ету;
- 3) тыл жұмысын ұйымдастыру және жүргізу

Логистиканың 2 даму бағыты.

1. Әскери бағыттағы логистика. XIX ғасырдың басындағы француз әскери маманы **Джомини** логистикаға келесідей анықтама берген: “**логистика** - әскерлер жұмысын ұйымдастырудың”.

Ол логистикаға тек тасымалдау ғана емес, сондай-ақ жоспарлау, басқару және жабдықтау мәселелері, әскерлерді орналастыру жерлерін анықтау, сонымен қатар көпір, жол және т.б. салу мәселелері жатады деп пайымдаған. Логистика әскери ғылым ретінде тек **XIX** ғасырдың ортасында ғана қалыптасты

2. Экономикалық бағыттағы логистика

Американ ғалым зерттеушілері – Пол Конверс, Питер Дракер, Джон Сток.

Логистика – корпоративті мақсатқа жету үшін кәсіпорынның материалдық, ақпараттық және қаржылық ағымдарын тиімді басқару.

Логистиканың даму эволюциясы

1. **1920ж.-1950ж.** басына дейінгі кезең – “фрагментаризация” кезеңі деп атайды.
2. **1950-ші жылдардың ортасынан бастап 1970-ші жылдарға дейінгі кезең** - “концептуализация” кезеңі деп атайды.
3. **80-90жж.** - “логистикалық ренессанс” кезең

2. Логистиканың анықтамалары

Логистиканың негізгі объектісі – материалдық ағымдар.

Логистиканың мақсаты:

1. Қорларды болдырмау немесе төмендету;
2. Шығындарды азайту.

**Материалдық ағымдарды
басқару 2 бөлімнен тұрады:**

1. Шешім қабылдау;
2. Қабылданған шешімді жүзеге асыру.

Логистика – бұл шикізатты сатып алу орнынан соңғы тұтыну орнына дейін материалды және сонымен байланысты ақпараттық ағымдардың қозғалысын қамтамасыз ететін, тасымалдау және қоймалау бойынша барлық қызметтерді жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау.

Логистика - өнімге қажеттілік туған жерде, алдын ала бекітілген орында, бекітілген уақытта қажетті өнім көлемін алуға бағытталған түрлі қызмет түрлерінің жиынтығы туралы ғылым.

Логистика – шығындар тұрғысынан тиімді және үнемді материалдарды, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімдерді сақтау және тасымалдау операцияларын, сондай-ақ солармен байланысты клиенттердің талаптарына сәйкес, өндіріс орнынан тұтыну орнына тауарларды жеткізу жөніндегі ақпараттарды жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау туралы ғылым.


3. Кәсіпорындардың логистиканы қолданудың тиімділігі

Логистикалық жүйелердің интегративті қасиеттері бұл жүйелердің “логистиканың алты ережесі” деп аталатын соңғы мақсатты жүзеге асыру қабілеттілігін білдіреді.

Логистиканың «**6 ережесі**»:

1. **ЖҮК** – керекті тауар;
2. **САПА** - қажетті сапада;
3. **САНЫ** - қажетті көлемде;
4. **УАҚЫТ** - қажетті уақытта жеткізілуі тиіс;
5. **ОРЫН** – керекті орынға;
6. **ШЫҒЫНДАР** – минималды шығындармен.

Егер осы алты шарт орындалса, яғни «қажетті тауар қажетті көлемде қажетті сапада керекті уақытта керекті жерде минималды шығындармен» жеткізілген болса логистикалық іс-әрекеттің мақсаты жүзеге асырылды деп санауға болады,



Кәсіпорындар логистиканың амал тәсілдерін белсенді түрде қолданатын болса, жалпы шығындарды 55%-ын қысқартуға мүмкіндік береді.

Логистиканың функционалдық салалары (5)

1. Сатып алу логистикасы
2. Өндірістік логистика
3. Тарату логистикасы
4. Тасымалдау логистикасы
5. Ақпараттық логистика

Логистика мен маркетингтің байланысы



Логистиканың принциптері (7):

1.Жүйелілік – ең негізгі логистиканың принципі болып табылады.

2.Кешендік – фирмалардың логистикалық құрылымының алдында тұрған мәселелерінің орындалуына оталықтан бақылауды жүргізу, яғни процестерді кешенді түрде басқарып, бақылап отыру;

3.Ғылыми – білікті кадрлардың мәртебесін фирманың логистикалық құрылымының ең маңызды ресурсы деп тану және ғылыми институттарда болып жатқан ғылыми жаңалықтарды өндіріс процесіне енгізуге ұмтылу;

4.Нақтылық – бұл логистиканың алты ережесімен тығыз байланысты принцип болып табылады;

5.Конструктивтілік – фирманың материалдық ағымдарының қозғалысын реттеу, басқару және бақылау;

6.Сенімділік - бұл принцип та логистиканың алты ережесімен тығыз байланысты принцип болып табылады;

7.Варианттылық – фирманың сұраныс ауытқуларына және басқа да сыртқы ортаның әсеріне икемді бейімделу мүмкіндігі.

2 тақырып. Материалды ағымдар, логистикалық операциялар және логистикалық жүйелер

1. Материалды ағым түсінігі және оның түрлері
2. Логистикалық операциялар және оның түрлері
3. Логистикалық жүйе түсінігі және оның түрлері

1.Материалды ағым түсінігі және оның түрлері

Материалды ағымдар дегеніміз – логистикалық операцияларды жүргізу барысында қарастырылатын жүктер, бөлшектер, тауарлы материалды құндылықтар.

Материалды ағым өлшемі бөлшек түрінде беріледі, оның алымында жүктің өлшем бірлігі (*дана, тонна және т. б.*), ал бөлімінде уақыт өлшем бірлігі көрсетіледі (*тәулік, ай, жыл және т. б.*).

Мысалы, материалды ағым өлшемі = тонна/
жыл.

Материалды ағымдар 8 белгі бойынша топтасытырылады

1. Логистикалық жүйеге қатысы бойынша материалды ағымдар:

а) **сыртқы** материалды ағымдар

б) **ішкі** материалды ағымдар

в) **логистикалық жүйеге сырттан келетін** материалды ағымдар

г) **логистикалық жүйеден сыртқа шығатын** материалды ағымдар

2. Материалды ағымдар натуралды- заттай құрамы бойынша

- 1. Бір ассортиментті материалды ағымдар**
- 2. Көп ассортиментті материалы ағымдар**

3. Сандық белгісі бойынша материалды ағымдар

1. **Ірі** – бірнеше вагондар, автомашиналар тізбегімен тасымалданатын материалды ағымдар
2. **Орта** - жүк көлігінің жүк көтерімділігі толығымен қолданылады.
3. **Шағын** - жүк көлігінің жүк көтерімділігі толығымен қолданылмайды.

4. Үлес салмағы бойынша материалды ағымдар

- 1. Ауыр салмақты материалды ағым**
(салмағы 1 тоннадан жоғары)
- 2. Жеңіл салмақты материалды ағым**
(салмағы 1 тоннаға дейін)

5. Жүктердің үйлесімділік дәрежесі бойынша материалды ағымдар

- 1. Үйлесетін материалды ағым**
- 2. Үйлеспейтін материалды ағым**

6. Жүктердің консистенциясы (құрамы) бойынша материалды ағымдар

- 1. Себілетін жүктер** (мысалы, астық) ыдыссыз тасымалданады.
- 2. Тиелетін жүктер** (тұз, көмір, кен, құм және т.с.с.) – минералдар тектес.
- 3. Ыдысты-даналық жүктер.** Олар: арнайы контейнерлер, жәшіктер, қаптармен тасымаданатын жүктер
- 4. Құйылатын жүктер** – арнайы цистерналарда және танкерлерде тасылатын жүктер.

7. Ағым параметрлерінің дәрежесі бойынша материалды ағымдар

- 1. Анықталған материалды ағымдар**
- 2. Стохастикалық материалды ағымдар**

8. Үзіліссіздік белгісі бойынша материалды ағымдар

- 1. Үзіліссіз материалды ағымдар**
- 2. Дискретті материалды ағымдар**

2. Логистикалық операциялар және оның түрлері

Логистикалық операциялар - бұл материалды және ақпараттық ағымды қайта құруға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы.

Жалпы, логистикалық операциялар 2-ге бөлінеді:

- 1. Ішкі** логистикалық операциялар - Логистикалық жүйенің ішінде орындалатын логистикалық операцияларды ішкі деп атайды.
- 2. Сыртқы** логистикалық операциялар - "логистикалық жүйенің сыртқы әлеммен байланысу"

Меншік құқығының ауысуына байланысты логистикалық операциялар 2-ге бөлінеді:

- 1. Бір жақты логистикалық
операциялар**
- 2. Екі жақты логистикалық
операциялар**

3. Логистикалық жүйе түсінігі және оның түрлері

Жүйе грек тілінен аударғанда (- тұтастық, байланыс).

Кез келген объект жүйе болу үшін оның 4 негізгі қасиеті болу керек:

1. Тұтастық
2. Байланыс
3. Ұйымдастыру
4. Интегративті қасиет


Логистикада осы 4 қасиетке қосымша 3 қасиет қосылады:

1. Күрделілігі
2. Бейімделу
3. Синергиялық эффект

Макрологистикалық жүйе – елдің түрлі аймақтарында немесе түрлі елдерде орналасқан, түрлі ведомстволардың өнеркәсіптік, делдалдық, сауда және тасымалдау ұйымдары мен кәсіпорындарды қамтитын материалды ағымдарды басқаратын ірі жүйе.

Микрологистикалық жүйелер,
макрологистикалық жүйелердің құрылымдық
құрамдасы, бөлімі болып табылады. Оларға
түрлі өндірістік және сауда кәсіпорындары,
территориалды-өндірістік кешендер жатады.

Микрологистикалық жүйе



Белгілер:



- Логистикалық жүйенің элементі



- Элементтер и